

# Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы қоғамдық-саяси партиясы

ТЕКСЕРГЕН: АХМЕТЖАНОВА НҰРГҮЛ

ОРЫНДАҒАН: Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРМУ БГФ  
I КУРС ЭК-11 ТОБЫНЫҢ СТУДЕНТІ

АЙДАРХАНОВА СЕЗІМ

# Партиялар түрлері:

1. Аристократиялық үйірме

2. қоғамдық саяси қозғалыс

3. саяси партия

# Партиялар түрлері:

1.үкіметтік партия


2.оппозициялық партия

Қазақстанда 2019 жылы 8 партия  
тіркелген.

**Партиялардың негізгі қызметтері:** жекелеген пікірлерді, мүдделерді біріктіру, жүйелеу, қоғамдық деңгейге көтеру; басқа партиялармен бәсекелестікте болу; белсенді мүшелерін саяси элитаға енгізу; мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы байланысты тұрақты ету, дамыту; қоғамның дамуына байланысты белсенді жұмыстар атқару.

**Саяси партиялардың қоғамдық ұйымдардан айырмашылығы,** олардың басты мақсаты – мемлекеттік билікке ұмтылу, ал қоғамдық ұйымдар билікке ұмтылмайды, тек өзінің алдына қойған жалғыз мәселесін шешуге тырысады.

Қазақстанда саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар көп. Олардың бағдарламалары, алдарына қойған мақсаттары анық көрсетілген. Партиялардың демократиялық қоғамды орнатуда маңызы өте зор.



Қазақстан Республикасының Конституциясы «мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктерден» басқа барлық саяси партиялардың, қозғалыстардың, ұйымдардың құқықтары мен міндеттерінің, заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді, олардың мемлекеттік органдармен және басқа ұйымдармен қатынастарын реттейді.

Мемлекеттің саяси партиялардың істеріне және саяси партиялардың мемлекет істеріне заңсыз араласуына жол берілмейді.

Қазақстанның «Саяси партиялар» туралы Заңына сәйкес саяси партияның 40 000-нан кем емес мүшесі болуы тиіс.



# «НҰР ОТАН» ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ



- ▶ Президенттің бастамасымен құрылған Қазақстанның ең ірі саяси партиясы
- ▶ **Партияның төрағасы:** Нұрсұлтан Назарбаев
- ▶ **Құрылған жылы:** 1 наурыз 1999 жыл
- ▶ **Төрағаның бірінші орынбасары:** Байбек Бауыржан Қыдырғалиұлы
- ▶ **Мақсаттары:** қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асыру; азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеру; әлеуметтік әділеттік орнатуға және елімізде тұрақтылықты сақтау; ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайту; Қазақстан Республикасының жан-жақты және үйлесімді дамуы үшін азаматтардың отансүйгіштігі мен жауапкершілігін тәрбиелеуге белсенді ықпал ету.
- ▶ Партияның қатарына “Асар”, “Азаматтық” және “Аграрлық” партиялары біріктірілген.

# «Бірлік» саяси партиясы

- ▶ Қазақстанның қоғамдық бірлестігі, саяси партиясы
- ▶ **Партия төрағасы:** Серік Сұлтанғалиұлы Сұлтанғали
- ▶ **Тіркелген:** 2003 жылғы 6 қазанда
- ▶ **Партия мүшелерінің саны:** 72 000 адам
- ▶ **Партияның әлеуметтік негізі:** білім беру, денсаулық сақтау, ғылым және мәдениет салаларының қызметкерлері, кәсіпкерлер, студенттер және т.б
- ▶ **Басты міндеттері:** экономиканы көтеру; әлеуметтік мәселелерді шешу; адамгершілігі жоғары; рухани бай қоғамды дамыту.





# «Ауыл» Халықтық Демократиялық партиясы

- ▶ Қоғамдық-саяси ұйым. Құрылтай съезі 2000 жылы 30 қаңтарда өтті
- ▶ **Тіркелді:** 1 наурыз 2002 жыл, **қайта тіркеу:** 2 сәуір 2003 жыл
- ▶ **Партияның төрағасы:** Әли Әбдікәрімұлы Бектаев
- ▶ **Партияның әлеуметтік негізі:** шаруалар мен фермерлік қожалықтардың жетекшілері, ауыл шаруашылығы саласындағы қызметкерлер, интеллигенция
- ▶ Партияның 80 000-нан астам мүшесі бар
- ▶ **Міндеттері:** Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің дамуын жеделдетуге, қоғамды демократияландыруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асыру; әлеуметтік әділеттілікті орнату; нарықтық экономиканы қалыптастыруға, ауыл шаруашылығы өндірісінің басым бағыттарын дамытуға ықпал ету.





«Ақ жол»

# Демократиялық партиясы

- ▶ **Партия төрағасы:** Азат Перуашев
- ▶ **Тіркелген:** 2002 жылғы 3 сәуір, **қайта тіркеу:** 2002 жылы 12 желтоқсан
- ▶ **Партия мүшелерінің саны:** 180 000-ға жуық адам
- ▶ **Партияның мақсаттары:** тәуелсіз, гүлденуші, демократиялық және еркін Қазақстан
- ▶ **Негізгі құндылықтары:** демократия, тәуелсіздік, еркіндік, әділеттілік
- ▶ Партия Қазақстанды одан әрі демократияландыру бойынша ұсынымдар жасау жөніндегі келісу комиссияларының жұмысына белсенді араласады. Мәжілістің үшінші шақырылымында партия 1 мандатқа ие болды. Қазақстан фермерлер одағы, ауған ардагерлерінің Жауынгерлік бауырластар одағы, Каспий табиғаты, т.б. қоғамдық ұйымдармен бірлесе жұмыс істейді



# Жалпыұлттық социал- демократиялық партиясы



- ▶ **Төрағалары:** Тұяқбай Жармахан Айтбайұлы, Болат Әбілов
- ▶ **Төрағаның орынбасары:** Қосанов Әміржан Сағидрахманұлы
- ▶ **Құрылған:** 2006 жылғы 10 қыркүйекте
- ▶ **Тіркелген:** 2007 жылғы 25 қаңтарда
- ▶ **Мүшелерінің саны:** 140 000 адам
- ▶ **Міндеттері:** демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекет, инновациялық экономика құру; жаңа гуманитарлық саясатты жүзеге асыру.
- ▶ 24 қазан 2009 жылы «Азат» ҚДП және ЖСДП Біріктіруші съезде «Азат» Жалпыұлттық социал-демократиялық партияға бірікті. Жаңартылған Жарғыға байланысты партияны басқару екі тең төрағаларға тапсырылды. Съездің делегаттарының бірауызды дауыстарымен олармен Жармахан Тұяқбай мен Болат Әбілов сайланды. Партияның Бас хатшысы болып Әміржан Қосанов сайланды.
- ▶ Партия әлемдік социал-демократиялық қозғалыстың құндылықтарын, еркіндік, әділеттілік, ынтымақтастық қағидаттарын Қазақстанның саяси тәжірибесінде жүзеге асыру бағытында дәйекті жұмыс жасауда.



# «Қазақстан коммунистік халық партиясы»



- ▶ **Орталық Комитетінің Хатшылары:** Косарев Владислав Борисович, Кенжин Тулеш Аукебаевич және Ахметбеков Жамбыл Аужанович
- ▶ **Мемлекеттік тіркеу:** 2004 жылдың 21 маусымында. Тіркеу күнінде партияда 90 000 мүше болды.
- ▶ **Мақсаты:** ғылыми-техникалық прогресс пен ғылыми социализм принциптерінің негізінде шынайы халықтық билікке, әлеуметтік әділеттік, жан-жақты руханилық, бостандық пен гүлденген экономикаға қарай алға басу.

## Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

саяси салада – демократия үшін күрес, билікті жеңіп алу, шынайы халықтық билікті орнату, Қазақстан Халық Республикасын құру. Адамды қанауды болдырмайтын, атап айтқанда: мемлекеттік, жеке, акционерлік, кооперативтік меншік нысандарын тану.

экономикалық салада – экономиканың дамуындағы шикізаттық бағытты жеңу, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына қазіргі заман технологияларын енгізу, экономиканың базалық салаларында мемлекеттік меншікті қалпына келтіру;

әлеуметтік салада – тұрғындар үшін республикада реформа басталғанға дейін болған (1990 жыл) әлеуметтік кепілдіктер көлемін қалпына келтіру және кеңейту;

халықаралық қатынастарда – республиканың ТМД елдерімен интеграциялық процестерін қолдау, терроризмге қарсы күрес, халықаралық жан-жақты ынтымақтастық.